

Zhangir



ZHANGIR KHAN
UNIVERSITY

2004 жылдың
наурыз айынан шығады

ЖАҒЫМДЫ ЖАҒАЛЫҚ

Мерейтойларыңыз құтты болсын!



Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінде ағымдағы жылдың ақпан айында мерейтойлық даталар көп болды. Солардың бірі – студенттік шақтан бастап жарты ғасырлық өнегелі ғұмырын осы білім ордасының қабырғасында өткізген ғалым-ұстаз **Алтынбек Шәриполлаұлы ДАВЛЕТҒАЯРОВ** мерейлі 70 жасқа толды. Ал БҚАТУ-да әр жылдары түрлі қызметтер атқарып, абырой биігінен көрінген университетіміздің басқарма төрағасы-ректордың бірінші орынбасары **Өтеген Байырғалиұлы ТАУБАЕВ** асқаралы 60 жасқа жетті. Қос мерейтой иесінің де білім мен ғылым саласына қосқан үлестері зор, азаматтық қасиеттері – кейінгі буынға үлгі екенін атап өткен жөн.



Іске сәт, көшбасшылар!

Жәңгір хан университетінің 3-курс студенттері Темірлан Тәжен мен Омархан Нияз «Студенттік ректор» лауазымына үміткер болған еді. Білім алушылардың қолдауының нәтижесінде Омархан Нияз «Студенттік ректор» болып сайланды. Ал Темірлан Тәжен «Жастар ісі жөніндегі

комитет төрағасының» қызметін атқарады.

Еске сала кетсек, Темірлан – Индустриалды-технологиялық институтында «Мұнай-газ ісі» мамандығы бойынша білім алуда. Омархан Политехникалық институттың «Электрмен жабдықтау» мамандығында оқиды.



Мұзбалақ ақынды ұлықтады

Студенттік ректорлыққа үміткер болған Омархан Нияз поэзияға, өлеңге құштар жастардың ба-сын қосып, тамаша кеш ұйымдастырды.

Поэзия кеші аз ғана ғұмырында сан ұрпақтың өкіліне азық боларлық мол мұра қалдырған ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың туған күнімен орайластырылды. «Жастар бастамасын дамыту» және «Парасат» ақпараттық білім беру орталықтарының қолдауымен осы іс-шараны ұйымдастырған Омархан Нияз да – мұзбалақ ақынның шығармашылығын дәріптейтіндердің қатарында.

– Ақиық ақынның туған күнін өз

жоспарыма тиімді пайдалануды жөн көрдім. Мұқағали ақынның жырларын бала кезімнен ерекше жақсы көретінмін. Мен үшін орыны бөлек ақынның рухына құрмет көрсету – басты мақсатым болды, – дейді Омархан Нұрлыбекұлы.

Рухани кеште ақынның сөзіне жазылған әндер шырқалып, көркем сөз шеберлері қаламгердің өлеңдерін оқыды. Сонымен қатар, көпшілік назарына мұзбалақ ақынның өмір жолын бейнелейтін бейнеролик ұсынылды. Кеш соңында белсене қатысқан студенттерге қаламы қарымды қаламгер Мұқағали Мақатаевтың кітаптары сыйға берілді.

Аязды күні көлікпен...

Студенттік ректорлыққа үміткер болған Темірлан Тәжен әлеуметтік бағытта «Аязды күні көлікпен, Жолаушыны жеткіз үйіне» деген ұранмен «Такси» жобасын ұйымдастырды.

«Студенттер Альянсы» қозғалысымен бірлесіп қолға алынған жобаның жоспары кәдімгі «Такси» телевизиялық бағдарламасына ұқсастырылып құрылды. Осылайша қыстың аязды күнінде аялдамада автобус күтіп

тұрған оралдық студенттерді үйлеріне тегін жеткізді. Жоба иелері жолаушыдан жолақының орнына әлеуметтік желідегі оқырмандарын көбеюге көмектесіп, қойылған сауалдарға жауап берулерін ғана өтінді.

– Көлікпен 12 адамды қаланың әр ауданындағы айтқан мекенжайларына жеткіздік. Ең алыс мекенжай – Қонаев шағынауданы, ал ең жақын жер – «Жазира» аялдамасы болды. Бір күн ішінде алты көлікпен тасымалдадық. Белсенді студенттеріміз бізге көмек көрсетті. Әр көліктегі бағдарлама жүргізушілері жолаушыларды әңгімеге тартып, уақытты тиімді өткізді. Сұрақтарға жауап бере алмаған жолаушыларға түрлі шарттар қойылды, – дейді Темірлан Бауыржанұлы. «Таксиде» қойылған сұрақтар студенттік өмір, Жәңгір хан университеті, кино өнері, білім-ғылым, қала тарихы, логикалық ойлау сынды сан алуан тақырыптарды қамтыды.

Мұндай жоба – қайырымдылық іске бастайтыны сөзсіз. Қала ішінде көлік тізгіндеп жүйткіген жастар ауа райының қолайсыз күндерінде аялдамада қаңтарылған қарияларға, балалы аналарға, мүгедек жандарға осындай жақсылық жасаса, шарапаты өзіне тиері сөзсіз.

Бездомные животные



с.2

Райхан Абдулова



3-б.

Ержан Ерболат



4-б.

Бездомные животные: проблемы и пути решения



Проблема заключается в том, что бесконтрольное размножение бездомных собак и их расселение может существенно повлиять на экологическую и санитарно-эпидемиологическую ситуацию в городе Уральск. Недооценка этого факта может привести к непредвиденным, хуже того – необратимым последствиям.

На сегодняшний день численность бездомных собак в городе Уральск составляет около 5 000 голов, а по области 20 000 голов, сообщает Ветеринарное управление ЗКО. Факторы, влияющие на появление и наличие безнадзорных животных в Уральске:

- потеря животного собственником (владельцем) ввиду особых обстоятельств (случайность);
- умышленный отказ владельца от содержания животного с дальнейшим существованием последнего без попечения;
- наличие среди безнадзорных животных половозрелых особей, способных к размножению;
- миграция безнадзорных животных с территорий соседних районов Западно-Казахстанской области;
- наличие кормовой базы для безнадзорных животных в виде пищевых отходов.

Эндопаразитозы домашних плотоядных достаточно широко распространены



ны во всем мире. На территории нашей страны они также довольно часто встречаются. В связи с постоянным бесконтрольным увеличением численности собак и кошек происходит повсеместное распространение инвазии. Данный факт заслуживает пристального внимания не

Одной из экологических проблем города Уральск является проблема, связанная с наличием большого количества бездомных собак и кошек. Вынужденные контакты этих животных с человеком, а также с другими синантропными видами только усугубляют ситуацию. Бездомные собаки представляют опасность как для здоровья людей, так и для домашних животных. Существование бездомных животных в черте города имеет неблагоприятные экологические и социальные последствия.

только в силу значительного вреда для животных, но и вероятности заражения человека.

Собаки и кошки содержатся почти в каждой семье и, как правило, находятся в более тесном контакте с человеком. Из всех эндопаразитозов, встречающихся у собак и кошек, наиболее распространенными и опасными, но при этом недостаточно изученными, являются кишечные гельминтозы (Архипов, 2007; Пешков, 2006; Есаулова, 2002).

Гельминтозы являются тяжелыми и довольно опасными заболеваниями. Им подвержены как котята, щенята, так и взрослые животные. Каждая 2-ая зараженная собака и кошка ежедневно выделяет в окружающую среду от нескольких сотен до сотен тысяч яиц паразитов, многие из которых заносятся в дом на одежде и обуви. Поэтому гельминтозы широко распространены даже у тех животных, которые никогда не покидали пределов квартиры (Авданина, Лихотина, Кокорина, 2005).

Знание видового состава гельминтов кошек и собак, изучение распространения гельминтозов, экстенсивности инвазии, а также возрастной и сезонной динамики необходимо в познании эпизоотологии гельминтозов домашних плотоядных животных и эпидемиологии инвазионных болезней в городе Уральск. Это поможет более правильно и эффективно проводить профилактические и лечебные мероприятия против этих инвазий. Поэтому изучение особенностей распространения гельминтозных заболеваний среди собак и кошек и разработка мер борьбы с ними, несомненно, является актуальной проблемой.

Известно, что первым прирученным

также человека. За последние десять лет вследствие экономических реформ отмечается резкий рост эпидемиологических показателей гельминтозоонозов, передающихся от собак, особенно цистного эхинококкоза, дифилляриозов, описторхоза и токсокароза. Это дает основание считать, что все более возрастающая социальная значимость заразных заболеваний, источником которых являются домашние собаки, требует более детального изучения проблемы с целью разработки оптимальных стратегий контроля указанных болезней, в частности гельминтозоонозов. С 2010 по 2018 годы на территории области выявлено 210 заболевших бешенством животных. Из них около 40% составляют бездомные соба-



ки. Заболеваемость бешенством и эхинококкозом домашних плотоядных напрямую зависит от плотности бездомных животных на территории области.

По данным Департамента охраны общественного здоровья на 2018 год из 940 человек, имевших контакт с подозрительными животными, 909 обратились на 0–4 сутки, 21 человек - на 5–7 сутки, 6 человек - на 8–14 сутки и 4 человека обратились по прошествии более двух недель. Стоит отметить, что, если вакцинацию начинают позже 14 дней с момента укуса, то эффект сводится к нулю. Главными причинами заражения людей бешенством являются отсутствие настороженности и знаний об опасности заражения бешенством при укусах, оцарапывании, ослюнении животными или несвоевременное обращение за медицинской помощью.

В Западно-Казахстанской области ежегодное финансирование отлова собак и кошек осуществляется за счет бюджетных средств. К решению проблемы бездомных животных с 1 января 2020 года в области вступили в силу новые правила содержания домашних животных, а также отлов и стерилизации бездомных кошек и собак, которые призваны стать более гуманным методом в регуляции численности безнадзорных животных.



В настоящее время учебно-научно-производственным центром «Жардем-Вет» разработан проект «Оказание услуг по стерилизации безнадзорных животных с возвращением на прежние места обитания». С января 2020 по январь 2022 г.г. нами стерилизованы и занесены в базу около 3000 голов собак и кошек. Все вышедшие собаки, кошки проходи-

ли диагностику и общий клинический осмотр, освобождались от гельминтов и прививались против бешенства.

Цель проекта: регулирование численности безнадзорных животных путем стерилизации/кастрации и создания улучшенных условий ветеринарной клиники.

Ожидаемые результаты проекта:

- охрана здоровья граждан от болезней общих для животных и человека;
- улучшение эпизоотической ситуации г. Уральск по таким заболеваниям как бешенство, лептоспироз, стригущий лишай, эхинококкоз и др.;
- решение проблем эпидемиологии негативных последствий для окружающей среды и других животных;
- создание единой базы для регистрации собак и кошек;
- учет всех собак и кошек;
- точное планирование профилактических мероприятий.

Обучение практическим навыкам при проведении операции и ветеринарных обработок студентов Ветеринарного института ЗКАТУ им. Жангир хана.

Бекжасар СИДИХОВ
Заведующий УНПЦ «Жардем-Вет»
ЗКАТУ имени Жангир хана



«Парасат сарайының» тәжірибелі маманы

«Кітап – жан азығы» деген бұлжымас қағида бар. Ал сол қазынаны оқырманның жүрегіне жеткізуге атсалысатын кітапханашының да беделі жоғары. Біздің бүгінгі кейіпкеріміз – «Парасат» ақпараттық білім беру орталығының бөлім басшысы Райхан Абдулова.



Жастайынан кітапқа құмартқан болашақ кітапханашының бұл қызығушылығы оны болашақ мамандығына жетелесе керек. Кітаптарды жақсы көрген, осы бір қымбат қазынаға ғұмырын арнаған тұлғалар кейіпкеріміздің ерекше сүйіспеншілігін туғызған. Мектеп қабырғасында жүріп-ақ облыстық жасөспірімдер кітапханасының тұрақты оқырманына айналып, түрлі клубтарға қатысқан. Он жылдықты бітірісімен сол ұжымның ортасынан табылады. Сол кездегі Куйбышев мемлекеттік мәдениет институтының «Кітапханатану және библиография» факультетіне оқуға түсіп, өзінің дара жолын айнымай тапқан жас маманға үлгі болған ұстаздары аз емес.

Кітапханашының еңбек жолы туралы мәліметпен таныса отырып, оның 40 жылдан астам еңбек өтілінде екі мекемеде ғана жұмыс жасағанын байқадық. Соңғысы – осы Жәңгір хан университетінің ақпараттық білім беру орталығы. Тұрақты маман өңіріміздегі ірі оқу және ғылыми орталықтардың біріне айналған аталмыш білім ордасындағы кітапханаға 1992 жылы арнайы

шақыртумен келген екен. Ғылыми-библиографиялық бөлімге басшы болып келген Райхан Гарайқызын қызықты бастамалар мен тың жаңалықтар күтіп тұрған еді. Өз ісінің білгір маманы екенін дәлелдеп үлгерген кейіпкеріміз кайнап жатқан тірліктің ортасына келіп, жұмысын да ұршықша үйіріп әкетеді. Бөлім меңгерушісі университет ғылымдарының еңбектерінің библиографиялық көрсеткіштерін, түрлі жинақтарды, оқулықтарды, БҚАТУ ғылымдарының еңбектерін шығаруға айтарлықтай үлесін қосқан. Сонымен бірге ғылыми кітапхананың жұмысын автоматтандыру, электрондық база-

ны жасақтау жұмыстарында да Райхан Гарайқызының өзіндік қолтаңбасы бар.

Күні кеше мерейлі 60 жасқа толған мерейтой иесі жоғары оқу орындары кітапханаларының кітапханалық ресурстарын біріктіру, электрондық сервистерді жетілдіру, кәсіби шеберлікті арттыру және тәжірибе алмасу, сыртқы халықаралық дерекқорларды пайдалану секілді жүйелі жұмыстардың басықасында жүрген.

Заман ағымынан қалмай, әр кез білімін жетілдіріп отыруды жөн көретін Райхан Абдулова жазғы интернет-мектеп курсына, семинарлар мен тренингтерге қатысып, шеберлігін шындай түскен. Сондай-ақ Ресейдегі ірі аграрлық ЖОО саналатын Н.И.Вавилов атындағы Саратов мемлекеттік аграрлық университетінің Ғылыми кітапханасында тағылымдамадан өткен. Еңбек жолында жиған-түйгенін әріптестерімен де бөлісіп, кейінгі буын кітапханашыларға жол сілттеп отырады.

Университетіміздегі «Парасат» ақпараттық білім беру орталығы жиырма жылдан бері АРБИКОН-ның

(аймақтық кітапхана бірлестігінің ассоциациясы) «Аймақаралық аналитикалық мақалалардың жазбасы» (МАРС) және «Құжаттарды электронды жеткізу» (ЭДД) жобаларының еліміздегі жалғыз қатысушысы болып табылады. Осы уақыт аралығында біздің кейіпкеріміз алғашқы жоба бойынша Ресей кітапханаларының мерзімді басылымдарының жиынтық каталогының үйлестірушісі болып келеді. Оған қоса қажетті ақпаратты дер кезінде алуға мүмкіндік беретін екінші жобаға да жетекшілік етеді.

Нағыз кітапханашы әрі библиограф Райхан Гарайқызының еселі еңбегі елеусіз қалған емес. Университеттегі ақпараттық білім беру орталығында отыз жылдай қызмет жасап, әріптестерінің құрметіне бөленген Райхан апамыздың есімі өңірдегі кітапхана ісінің үздік мамандарының қатарында аталады. ҚР Білім және ғылым министрлігінің республикалық ғылыми-педагогикалық

Айгүл Есенаманова, «Парасат» ақпараттық білім беру орталығының директоры:
– Райхан Гарайқызы бар саналы ғұмырын кітапхана жұмысына арнап келе жатқан адам. Біздің кітапханамызға ауысқаннан бастап библиограф болып жұмыс істеді. Библиографтың кызметі – келіп түскен газет-журналдардағы біздің салаға қатысты мақалаларды каталогқа енгізіп, ғалымдарға ұсыну. Соңғы жылдары АРБИКОН жобасымен жұмыстану барысында он нәтижелерге қол жеткіздік. Яғни, біз жазылмайтын еңбектерінің мақалаларға БҚАТУ ғылымдарының еңбектерінің мақалаларына тапсырыс түскен жағдайда оларды онлайн режимде желел әрі тегін алып беру. Бұл жұмыспен де Райхан Гарайқызы айналысады. Өз ісін жетік біледі, тәжірибелі, әріптестеріне қолұшын беруге қашан да дайын.

Тоты Алимбекерова:
Райхан Гарайқызы өте білімді маман. Өз ісіне жанын беретін тұлға. Бұл кісіден үйренгеніміз көп.

кітапханасы мен Ұлттық аграрлық ғылыми-білім беру орталығының «Құрмет грамоталарының» иегері.

Ғасырдан жұмбақ ашқан талай кісі, Сырың мол, мұраң ғажап, арайлысың. Сан ұрпақ сусындаған кітапхана, Саркылмас парасаттың сарайысың, – деп ақын жерлесіміз Ақұштап Бактыгереева жырлағандай, Райхан Гарайқызы – осындай парасат сарайының қызметін жандандырып жүрген мәртебелі мамандық иесі.

Ләззат ҚАЖЫМОВА

Қызықты деректер



Италиялық Рио Козелли деген оқымысты әлемдегі ең іш пыстыратын кітаптарды жинаған. Оның барлық кітабы 10 000 томды құраған.

Дүниедегі ең көп қаламақы Рим императоры Марк Аврелий тарапынан Оппиан атты ақынға берілген. Оның балық аулау мен аңшылық хақындағы дастанының әр жолына 1 алтын беріп отырған.

Дүниедегі ең үлкен жинақ Ирландия университеті тарапынан 1968-1972 жылдары шығарылған. 1112 томдық «Британия парламентінің құжаттары» деп аталатын жинақтың салмағы – 3,3 тонна. Оны оқып шығуға 6 жыл кетеді.

Қазіргі таңда әлемдегі ең үлкен кітап – «Бұл – Мұхаммед (с.ғ.с.)» деп аталады. Салмағы 1,5 тонна деп аталады. Оны 9 ай бойы 50 адам жасап, 2,7 млн доллар жұмсаған.

Қалың оқырмандар арасында өткен кітапты дауыстап оқу марафоны 224 сағатқа созылған.

Дүниедегі ең үлкен сөздік – «Немец сөздігі» («Deutsches Worterbuch»). Мұны Якоб ва Вильгельм Гримм 1854 жылдан бастап құрастыра бастаған.

Дүниедегі ең қымбат шығарма – Леонардо да Винчидің өз қолымен көшіріп жазған «Лейчестер кодексі» кітабы. 1994 жылы Нью-Йорктағы «Сотбис» аукционында 30,8 млн долларға сатылған.

Дүниедегі ең ауыр кітап – Британия музейінде сақталған XVII ғасырға тиесілі географиялық атлас. Ұзындығы – 1,9 метр, ал салмағы – 320 келі.

Әлемдегі ең атақты жазушылардың бірі хэм борегейі – Агата Кристидің детективті хикаялары 50-ден астам тілдерге аударылған.

Атақты голланд дәрігері Герман Бурхавеннің «Емшілік өнердің терең сырлары» атты кітабы автор қайтыс болғаннан кейін, 1738 жылы 10 мың доллар алтыңға аукционда сатылған. Бірқызығы, көркем бедерленген кітаптың барлық беттері бос, ештеңе жазылмаған. Тек бірінші бетінде мынадай сөйлем бар: «Басың тоңса да, аяғыңды жылы ұста. Сонда ғана сен ең мықты дәрігерлерді де кембағалға айналдырасың».

Ғылымда кітап ұрлаушыларды библиоклептоман деп атайды. Дүниедегі ең атақты кітап ұрысы – Стивен Блумерг 270 кітапханадан 23 мыңға жуық таңдаулы шедевр кітаптарды ұрлаған.

Еңбегімен ерлеген Ержан

Бүгін біз спорттың ерекше түрін жанына серік еткен Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің студенті Ержан Ерболатты әңгімеге тарттық. Ержан – қол күресінен үш дүркін Әлем чемпионы атанған «Экономика, ақпараттық технологиялар және кәсіби білім беру институтының» 3-курс студенті. Сонымен қатар, жас спортшы – «Қаратөбе ауданының Құрметті азаматы».



– Ержан, аталмыш спорт түрін таңдауыңызға не себеп болды және қанша жасыңыздан бері айналысасыз?

– Мен спортпен айналысуды 13 жасымда бастадым. Армрестлингті таңдауыма әлеуметтік желілер әсер етті десем болады. Желіде тараған түрлі қол күрестірген бейнежазбаларды көріп, қызығушылығым оянып, осы спорт түрімен айналысуға

бел будым.

– Жаттықтырушыңыз бар ма және күніне қанша уақытыңызды жаттығуға арнайсyz?

– Екі жыл бойы жаттықтырушымен жұмыс істедім. Ал, қазір өзімнің осал тұстарымды өзім қадағалап, соны шыңдау үшін жаттығулар жасаймын. Негізінен, сабақтан бос кезде аптасына үш күн залға барып, екі немесе үш

сағат жаттығамын. Ал, сайыс болардың алдында аптасына тек бір күн демалып, қалған күндерімді жаттығуға арнаймын. Ол кезде енді қолға көбірек күш түсіріп, дайындықты үдетуге тура келеді. Сонымен қатар күш тек қолға ғана емес, бүкіл денеге, соның ішінде аяққа да түсетіндіктен, төрт немесе бес сағаттап жаттығу жасап, күш жинақтаймын.

– Есте қаларлық жеңіс пен жеңілісіңіз?

– Есте қаларлық жеңілісім 2017 жылғы наурыз айында бірінші рет қатысқан республикалық жарыс еді. Ол жерде өкінішке қарай, 9-орынды иеленіп қалдым. Сол жеңілістен кейін өзімді қамшылай түсіп, әртүрлі тәсілдермен жаттыға бастадым. Соның нәтижесі шығар, 2021 жылы Ақтөбе қаласында ересектер арасында өткен турнирде 55 келі салмақ дәрежесі бойынша 2-орынды иеленіп,

«ҚР спорт шебері» дәрежесіне қол жеткіздім.

– Қол күресінде қандай жарақат алу қаупі басым? Осындай жағдайға ұшыраған кезіңіз болды ма?

– Тартыс кезінде жарақаттардың алдын алу мақсатында арнайы төреші тағайындалады. Ол күш сынасушылардың «қауіпті жағдайларға» түсіп қалмауын қадағалап, бағыт беріп тұрады. Жалпы қол күресімен айналысатын адам ең алдымен мықты техникалық дайындықтан өтуі керек. Өйткені, армрестлинг – қауіпті спорт түрі.

Қол күресі кезінде буындарға, сіңірлерге және бұлшықетке үлкен күш түседі. Кез келген қате қимыл олардың жыртылуына немесе созылуына әкелуі мүмкін.

Өз басым қауіпсіздік шараларына баса мән беремін. Алайда, ірі жарыстарға дайындық кезінде қол сіңірінің созылу жағдайы болды.

– Жалпы елімізде қол күресі қаншалықты дамыған? Деңгейі қандай?

– Қазіргі таңда отандық спорт қол күресі бойынша өте жақсы нәтижелер көрсетуде. Жалпы Қазақстан әлем бойынша армрестлингтен, яғни қол күресінен командалық есепте 3-орында.

– Алдағы жоспарыңыз қандай? Спорт саласына түбегейлі бет бұрасыз ба, әлде...?

– Мақсатым – «Қазақстан Республикасының халықаралық дәрежедегі спорт шебері» атағын алу. Содан кейін де өзімді осы спорт саласында дамытып, биік шыңдарды бағындырғым келеді.

– Ендеше, сізге алдағы уақытта сәттілік тілейміз. Еліміздің көк байрағын көкте қалықтатар күндеріңіз көп болсын!

Сұқбаттасқан
Анар НҮРЛАНҚЫЗЫ

Қол күресі дауды қалай шешті?

1992 жылы Американдық «Southwest Airlines» авиакомпаниясы мен «Stevens Aviation» авиасервистік орталығы арасында жанжал туындайды. Жанжалдың шығу себебі, «Stevens Aviation» компаниясы бірінші болып ойлап тапқан «Plane Smart» яғни, «Ақылмен ұшыңыз» ұранын бәсекелестері өз жарнамаларында қолдана бастаса керек. Компаниясының бұл әрекетіне наразылық білдірген авиасервистік орталық – сотқа жүзінудің орнына, құқық бұзушылармен арадағы дауды қол күрестіру арқылы шешуге шақырады. Жарыс «Stevens Aviation» директорының пайдасына шешілді. Әйтсе де, ұтқыр басы «Southwest Airlines» авиакомпаниясына аталмыш ұранды пайдалана беругеріне рұқсат етті. Соның арқасында, екі авиакомпанияның да беделі артып, сатылымдары көбейе түскен көрінеді.



Бәрекеелді, Бейбарыс!

Жуырда Өскеменде қаласында жеңіл атлетикадан 2003-2004 жылы туған жасөспірімдер арасында өткен ҚР чемпионатында Жәңгір хан атындағы БҚАТУ студенті Бейбарыс Ізғали жүлделі орыннан көрінді.

«Экономика, ақпараттық технологиялар және кәсіби білім беру институтының» білім алушысы Б.Ізғали ел чемпионатында спорттың жеңіл атлетикадан 2000 метрді кедергі арқылы жүгіру түрінен II орынды жеңіп алды.

Спортты жанына серік еткен Бейбарыс – «Дене шынықтыру және спорт» бағдарламасында оқитын топтың топбасшысы.



Армрестлинг – жыл өткен сайын танымалдығы артып келе жатқан ерекше спорт түрі. Сырт көзге жеңіл көрінетін бұл сайыс – шын мәнінде техникалық шеберлікті әрі асқан қажырлылықты талап етеді.

Қол күресі ертеректе ер адамдардың арасындағы дау-дамайды шешуге арналған тәсіл ретінде пайда болған. Соның арқасында, қарсыластар бет жыртысып төбелеспей, жәй гана отырып мәселенің кімнің пайдасына шешілетінін анықтаған. Ал, бұл тартыстың дербес спорт түрі ретінде пайда болуына XX ғасырдың орта шамасында калифорниялық журналист Билл Соберанес ықпал еткен. Журналист Петаума қаласының демалыс орындарының бірінде турнир ұйымдастырып, жеңімпаздарға сол демалыс орнынан тегін тамақ пен сусындар ұсынады. Сол турнирден кейін қол күрестірушілер саны артып, қаланың, одан қалса, мемлекеттің әр бұрышында армрестлинг турнирлері өткізіліп бастаған.

Меншік несі:

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті. Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігінде 2004 жылдың 29 қаңтарында тіркеліп, №4651 – Г куәлігі берілген.

Жәңгір хан атындағы БҚАТУ медиа орталығының директоры
Ләззат ҚАЖЫМОВА

Бас маман
Анар НҮРЛАНҚЫЗЫ
Компьютерде беттеуші және дизайнер
Қайрат ИСИМОВ

Газет Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-дың медиа орталығында теріліп, беттеліп, Жарнама-баспа орталығында басылады.

Газет электронды түрде университеттің интернет ресурстарында таратылады. Тапсырыс: № 552
Қолжазба авторға қайтарылмайды. Мақаладағы деректердің нақтылығына автор жауапты.

Редакцияның мекенжайы:

090009, Орал қаласы, Жәңгір хан көшесі, 51.
Бас ғимарат 206-бөлме
1-42
info_zkatu@mail.ru